




АБАЙ АИМАҚ
медиахолдингі

SEMEI tanu

№42 (19794) 29 мамыр, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ



АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ



АПТАНЫҢ БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



1
Облыс әкімі Семейдегі
кәсіпорындарды аралады



2
Композитор Төлеген Мұхамеджанов
туған жерінде



3
Францияның Қазақстандағы елшісі Абай елінде



4
Облыс әкімі Семейдегі «Zhuldyz-Ardak»
балабақшасының жұмысымен танысты

Абай облысында жаңа жобаларды жүзеге асыруға, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жұмыстар жүйелі жалғасуда. Аймақ басшысы Берік Уәлидің қатысуымен өткен кездесулер мен жұмыс сапарлары облыстың даму қарқыны артып келе жатқанын аңғартады.

Гүлнә ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»

Аймақ басшысы Берік Уәли Францияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сильван Гиогеман кездесіп, өңірдің инвестициялық, туристік және аграрлық әлеуетін таныстырды. Ресми кездесуде екі жақты әріптестікті нығайту, шетелдік инвесторларды тарту және жаңа жобаларды жүзеге асыру мәселелері сөз болды.

Берік Уәли аймақта инвесторлар үшін барлық қолайлы жағдай жасалғанын атап өтіп, француз компанияларын бірлескен жобаларды жүзеге асыруға шақырды. Тараптар су шаруашылығы, гидроэнергетика және заманауи технологияларды енгізу бағытындағы ынтымақтастық мәселелерін де талқылады. Француз тарапы су ресурстарын тиімді пайдалану мен шағын гидроэлектростанцияларды дамытуға қызығушылық танытып отыр.

Аймақ басшысы Қазақстан мен Франция арасындағы ынтымақтастық соңғы жылдары жаңа деңгейге көтерілгенін айтып, екі ел арасындағы саяси және экономикалық байланыстың нығайуына өңірлер арасындағы серіктестіктің дамуына ықпал етіп отырғанын атап өтті. Кездесуден кейін мәртебелі мейман Семей қаласында салынып жатқан жаңа шағын аудан жобасымен танысып, шаһардың сәулеттік даму бағытына оң бағасын берді.

Өңірде энергетика саласын дамыту бағытындағы ауқымды жобалар да қолға алынды.

Облыс әкімдігі мен «JelSu Energy» компаниясы арасында жасалған меморандум аясында Ертіс өзенінде жалпы қуаттылығы 900 МВт болатын Белокаменск, Ақжар және Известков су электр станцияларын салу жоспарланған. Жобаны кезең-кезеңімен іске асыру көзделіп отыр.

Облыс әкімі Берік Уәли «JelSu Energy» компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Шыңғыс Құлжанов бастаған инвесторлармен кездесті. Кездесуде гидроэнергетика саласындағы бірлескен жобалардың маңызы кеңінен талқыланды. Жоба аясында техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу, инженерлік инфрақұрылымды дамыту және жаңа жұмыс орындарын ашу жоспарланған. Сонымен қатар бұл бастама ауыл шаруашылығы, туризм және балық шаруашылығы салаларының дамуына да серпін береді деп күтілуде.

Аймақ басшысы гидроэлектростанциялар салу облыс үшін стратегиялық маңызы бар жоба екенін атап өтті. Облыс әкімінің айтуынша, жаңартылатын энергия көздерін дамыту – Мемлекет басшысы жүктеген негізгі міндеттердің бірі. Сондықтан өңірде энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жалғаса береді.

Бүгінде облыста инвестициялық жобалардың саны айтарлықтай артып келеді. Қазіргі таңда өңірде ондаған ірі жоба жүзеге асырылуда. Соның нәтижесінде мыңдаған жаңа жұмыс орны ашылып, экономиканың түрлі салаларына серпін берілмек.

Облыс әкімі апта ішінде Семей қаласындағы бірқатар әлеуметтік және өндірістік нысандарды да аралады. Солардың бірі – «Zhuldyz-Ardak» балабақшасы. 475 балаға арналған мектепке дейінгі мекемеде балалардың сапалы білім мен тәрбие алуына барлық жағдай жасалған. Мұнда логопед және психолог кабинеттері, спорт және музыка залдары, бассейн, робот техникасы кабинеті мен тұзды бөлме жұмыс істейді.

Қазіргі таңда балабақшада 430 бүлдіршін тәрбиеленіп, 37 педагог еңбек етуде. Аймақ басшысы мекеменің материалдық-техникалық базасымен танысып, мұндай үлгілі балабақшаларды өзге білім беру ұйымдарына үлгі ретінде көрсету қажеттігін айтты. Берік Уәлидің сөзінше, сапалы тәрбие мен білім – ел болашағына салынған маңызды инвестиция.

Аймақ басшысы өндірістік кәсіпорындардың жұмысымен де танысты. Алдымен «Нұр-Альфинур» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болып, вагон жөндеу саласындағы жұмыстарды көрді. Кәсіпорында ондаған адам еңбек етеді. Мұнда вагондарға күрделі жөндеу жүргізіліп, техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар атқарылады. Облыс әкімі өндіріс орнының өңір экономикасын дамытудағы маңызы зор екенін атап өтті.

Бұдан кейін облыс әкімі «Ай-Ар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне барды. Ұн және макарон өнімдерін өндіретін кәсіпорында 220-дан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Мұнда жылына мыңдаған тонна өнім өндіріліп, ішкі нарықпен қатар Қытай, Өзбекстан,

Тәжікстан және Ауғанстан елдеріне экспортталады. Аймақ басшысы кәсіпорын жұмысына оң бағасын беріп, жергілікті өндірушілерге әкімдік тарапынан қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Өңірдің рухани-мәдени өмірі де назардан тыс қалған жоқ. Семейдегі Абай атындағы театрда белгілі композитор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлеген Мұхамеджановтың «Туған жерге тағзым» атты шығармашылық кеші өтті. Концертке облыс әкімі қатысып, қазақ музыка өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған сазгерге құрмет көрсетті.

Шығармашылық кеш барысында композитордың халық арасында кеңінен танымал шығармалары орындалды. Сонымен қатар өлімізге белгілі өнер майталмандары сахнаға шығып, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Аймақ басшысы Төлеген Мұхамеджановтың қазақ музыка өнеріне қосқан үлесі зор екенін атап өтті.

Облыс әкімі сонымен қатар Азаматтарды қабылдау орталығында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Ашық диалог барысында жер телімдерін рәсімдеу, жайылым мәселесі, электр желілерін тарту секілді түйткілдер көтерілді. Берік Уәли әрбір мәселені мұқият тыңдап, жауапты басқарма басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Жалпы, өңірде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық, әлеуметтік және мәдени жобалар облыстың тұрақты дамуына негіз болып отыр. Халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған мұндай бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады.

2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР ■ ПОДПИСКА НА ГАЗЕТЫ

SEMEI
tanu

ВЕСТИ
СЕМЕЙ

ЖАҢАРҒАН
ЖАҢАСЕМЕЙ

ЖАНА СЕМЕЙ
СЕГОДНЯ

БІЗДІҢ
БЕСҚАРАҒАЙ

НАШ
БЕСҚАРАҒАЙ

ЖАҢА
УАҚЫТ

НОВОЕ
ВРЕМЯ

2026



АПТА АЙНАСЫ



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні – ерекше маңызға ие мейірім мерекесі. Мерекенің негізгі мақсаты – қоғам назарын балалардың құқығын қорғауға, жас ұрпақ тәрбиесіне аудару. Балалардың өмірі мен құқықтарын сақтау, білім алу мен демалуына жағдай жасау, бақытты балалық шақ сыйлау - мемлекет пен қоғамның басты міндеттерінің бірі.

**Еркежан ҚАЙСА,
«Semel tahy»**

Бақытты балалық шақ десе, көз алдымызға абыр-сабыр тіршіліктен ада, мөлдір де пәк әлем елестейді. Еркем, тентегім деп еркелететін асқар тау әке мен «айналайын» деген сөзінен айналасына шуақ шашылатын ана құшағы, балалардың сыңғырлаған күлкісі мен анасының құшағында тыныш қана ұйқыда жатқан сәби елестейтіні анық. Бұл – адам баласының ғұмырындағы ең бейітім, ең кіршіксіз шағы.

Құс та болғым келмейді қанатым бар, Қанатым бар күмістен жаратылған. Сәби болғым келеді, сәби болғым, Мына өмірден хабарсыз, жаңа туған, деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай, әр адам баласының сәби шағы қашанда оның ең ыстық естелігі болып қала бермек.

Алайда тағдырдың жазуымен осынау жылулықтан ерте айырылған кішкентай жүректер де бар. Ананың аялы алақаны мен әке қамқорлығын сезіне алмай жүрген тағдырлы бүлдіршіндерге қоғам болып құшақ ашу, олардың жабырқау көңіліне демеу болу – адамдық пен ізгіліктің ең үлкен белгісі. Қасиетті Рамазан айының ізгі күндерінде де, Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында да мұндай бүлдіршіндерге көңіл бөлудің маңызы зор. Осы орайда Абай облысы денсаулық сақтау басқармасына қарасты облыстық мамандандырылған балалар үйінің ұжымы жатпай-тұрмай қызмет етіп, әр сәбидің жүрегіне үміт отын жағып келеді.

Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында біз осы мейірім мекеніне арнайы барып, тыныс-тіршілігімен танысып, мұндағы балалардың жағдайын біліп қайтқан едік. Тағдырдың тауқыметін ерте тартқан бүлдіршіндердің бүгінгі мекені – осы шаңырақ.

Балалар үйінде бүлдіршіндерге сапалы медициналық көмек көрсетіліп қана қоймайды, олардың жан-жақты дамуына, сапалы білім алып, жақсы тәрбие алуына, қоғамға еркін бейімделуіне барлық жағдай жасалған. Ананың жылы алақанын аңсаған әр сәбиге мейірім мен жылулық сыйлап, олардың өмірге деген кіршіксіз сенімін ояту – мекеме ұжымының басты мұраты. Мұнда еңбек ететін 100-ге жуық маман әр бүлдіршінің денсаулығына ғана емес, рухани және психологиялық дамуына да аналық ма-

хаббатпен қарайды. Жиі ұйымдастырылатын түрлі мерекелік және тәрбиелік іс-шаралар балалардың шығармашылық қабілетін ұштап, көңілдеріне қуаныш ұялатуда.

Бүгінгі таңда бұл мекемеде дүние есігін жаңа ашқан шақалақтан бастап 4 жасқа дейінгі 56 бала тәрбиеленіп жатыр. Олардың ішінде 22 бүлдіршін – ата-ана қамқорлығынсыз қалғандар. Мекеменің аға тәрбиешісі Фалиябану Тельманқызының әр сөзінен балаға деген шексіз жанашырлық сезіліп тұрды.

– Біздің мамандардың еңбегін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Олар бүлдіршіндерге бар мейірімін мен махаббатын төгіп, әр сәбидің алғашқы күлкісі мен қылықтарын өз баласындай жадында сақтайды. Біздің мекеменің басты міндеті – ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларымыздың жетімдікті сезінбей өсуі үшін асырап алушы отбасыларды тауып, олармен жан-жақты жұмыс жүргізу. Біз балаларымыздың бақытты болуы үшін қолымыздан келгенін бәрін жасаймыз. Дегенмен, қанша жерден жылулық пен қамқорлық көрсетсек те, ол туған ананың аялы алақанындай бола алмайтынын ішіміз сезеді... Сондықтан барымызды салып, барлық шараларды жоғары деңгейде өткізуге тырысамыз. Қоғам тарапынан көрсетілетін қамқорлық осы балаларға үлкен үміт сыйлайды. Өйткені әр бала бақытты болуға, мейірім мен махаббатқа бөленуге өбден лайық, – дейді аға тәрбиеші толқып отырып.

Қазіргі таңда елімізде балалардың құқықтарын қорғау, олардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылууда. Бұл – көлешек ұрпақтың жарқын болашағына жасалған нақты қадам.

Бала – біздің өміріміздің мәні, мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы. Олардың жүзіндегі күлкі – өмірдің сәні мен шаттығы. Ендеше, әрбір бүлдіршінің балалық шағы алаңсыз өтуі үшін қоғам болып, жұмылған жұдырықтай қамқорлық табыту – баршамыздың азаматтық, перзенттік парызымыз.

Еліміздегі әр баланың балалық шағын бақытты әрі қызықты өткізуіне, сапалы білім мен саналы тәрбие алуына жағдай жасау – мемлекет пен қоғамның ең басты міндеті. Балаларына бар жақсысын көрсетіп, олардың азамат болып қалыптасуына жағдай жасаған мемлекеттің ғана ертеңі өңселі, болашағы жарқын болмақ. Сәбилердің тәтті күлкісі ешқашан үзілмесін!

БІЛІМ

ҰСТАЗДАР СЕМЕЙДЕ БАС ҚОСТЫ

Семей қаласындағы №51 жалпы орта білім беретін мектепте қала мен ауыл мұғалімдерінің басын қосқан «Сапалы білім: стратегия, инновация және тәжірибе» тақырыбындағы пән мұғалімдері қауымдастықтарының IV облыстық форумы өтті. Абай облысы білім басқармасының Инновациялық-әдістемелік орталығы ұйымдастырған бұл ауқымды іс-шара білім беру жүйесін трансформациялау мен заманауи тәсілдерді енгізу мәселелеріне арналды.



**Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semel tahy»**

Алқалы жиынға аудандық және қалалық білім бөлімдерінің әдіскерлері, пәндік қауымдастық жетекшілері, мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен алдыңғы қатарлы ұстаздар қатысты. Педагогтер білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерді талқылап, келесі оқу жылына арналған басым бағыттарды айқындады.

Басқосудың басты мақсаты сапалы білім беруді жетілдіру жолдарын қарастыру, педагогтердің кәсіби ынтымақтастығын нығайту және заманауи озық тәжірибелерді кеңінен насихаттау болды. Жиын барысында білім саласын арттырудың тиімді тетіктері, критериялды бағалау жүйесінің ерекшеліктері, мұғалімдердің кәсіби дамуы және оқушыларға психологиялық қолдау көрсету мәселелері кеңінен сөз болды.

Жиынның ашылуында сөз алған облыстық білім басқармасының басшысы Бауыржан Ердембеков қазіргі таңда жаһандық білім жүйесі қарқынды өзгерістерді бастан өткеріп жатқанды атап өтті. Оның айтуынша, еңбек нарығында жаңа мамандықтар пайда болуда, демек, болашақ кадрларға қойылатын талап та күшейіп келеді.

– Біз білім педагогтерді кезекті оқу

тұлғалық тұрғыда өсуге зор мүмкіндік беретінін жеткізді.

– Абай облысында білім беру жүйесін дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Аймақ басшысы Берік Уәли білім беру ортасының сапасын жан-жақты зерттелеуді тапсырған болатын. Сол бағытта қолға алынған ауқымды шаралардың бірі – бүгінгі форум. Бүгін облыс педагогтері өткен оқу жылын қорытындылап қана қоймай, келесі кезеңге арналған даму стратегиясын пысықтайды, – деді Жанна Құрманғалиева.

Форум аясында мұғалімдер пәндер бойынша ұйымдастырылған бірнеше секция жұмысына белсене қатысты. Секцияларда, оқыту әдістемелері мен бағалау критерийлеріне бөлек, бүгінгі күннің басты тақырыбы – жасанды интеллектті білім беру үдерісінде енгізу сұнды өзекті тақырыптар қаралды. Тәжірибелік алаңдарда мектепке дейінгі білім беру, бастауыш сынып, тіл пәндері, жаратылыстану-математикалық бағыт, өнер және тәрбие салалары бойынша мазмұнды жұмыстар жүргізілді.

Педагогтер өздерінің озық әдіс-тәсілдерімен бөлісіп, заманауи технологияларды қолданудың тиімді жолдарын ұсынды. Әсіресе, жасанды интеллект мүмкіндіктерін сабақ барысында пайдалану, цифрлық платформаларды тиімді игеру және функционалды сауаттылықты дамыту бағытындағы жобалар қатысушылардың жоғары қызығушылығын тудырды.

– Бұл жиын тек тәжірибе алмасуы ғана емес, жаңа идеялар мен тың серпін алуға мүмкіндік берген үлкен шыңдалу алаңы болды. Әсіресе жасанды интеллект пен цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға қатысты әдістер біз үшін өте пайдалы болды. Мұндай іс-шаралар педагогтердің кәсіби дамуына үлкен мүмкіндік береді, – дейді форумға қатысушылардың бірі - Приртыш ауылдық округінің Б.Исаділов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі Гүлнұр Сайланбекқызы.

Ауқымды шара соңында қатысушылар білім сапасын арттыру бағытындағы бірлескен жұмысты жаңа деңгейде жалғастыруға келісі. Форум ұстаздарға арналған өсем әндермен еркелетіп, озық педагогтерді марапаттау рәсімімен қорытындыланды.

Биыл Шәкәрім университетінде үшінші жыл кезекті рет «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» салтанатты шарасы өтті. Балалық шақпен қоштасып, болашаққа қадам басқан Shakarim High School мектебінің «Алтын белгіге» үміткерлер, білім үздіктерінің жүзі балбұл жайнап, айналаны шуаққа бөледі.

ШӘКӘРІМ БІЛІМ ГРАНТЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Маңызы ерекше мерекелік шарда Қазақстан Республикасының Әнураны шырықалып, мемлекеттік Ту әкелінді. Ел ертеңіне деген сенімді еселенген көріністің куәсі болған ұстаздар да, ата-аналар мен түлектер де бүгінгі күннің өсерін айқын сезінді.

Шәкәрім университетінің ректоры Думан Орынбеков көпшілікті соңғы қоңырау мерекесімен

лыптастыру. Бүгінгі таңда мектеп тек білім беретін орын ғана емес, оқушының қабілетін ашатын, өмірге бейімдейтін орта болуы тиіс. Сондықтан біз балаларға академиялық біліммен қатар сыни ойлау, цифрлық сауаттылық, зерттеушілік, көшбасшылық және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға басымдық береміз, – деді Д. Орынбеков.

Бұл заманауи та-



құттықтай келе, университет базасынан ашылған Shakarim High School мектебінің басқа білім беру нысанынан айырмашылығына тоқталды.

– Біздің Shakarim High School мектебі – заманауи талаптарға сай құрылған, болашаққа бағытталған жаңа форматтағы білім ордасы. Мектебіміздің алғашқы оқу жылы қазактың бес арысының бірі, ұлы ойшыл, философ ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келуі біз үшін ерекше тарихи әрі рухани мәнге ие болды. Сондықтан мектебіміз тек білім беру мекемесі ғана емес, ұлттық құндылықтарды дәрлітейтін рухани орталыққа айналып отыр. Қазіргі таңда мектебіміз үшінші оқу жылын табысты жалғастырып келеді. Бүгінде 10-11 сыныптарда 136 оқушы білім алууда. Биылғы оқу жылында бірнеше оқушымыз «Алтын белгі» мен «Үздік аттестатқа» үміткер болып отыр. Бұл – ұстаздар мен оқушылардың жүйелі еңбегінің нәтижесі.

Біздің басты мақсатымыз – әлемдік деңгейде ойлайтын, көптілді, білімді, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға қал-

лаптарға толықтай сай мектепте 10-11-сыныптағы 136 оқушылары білім алууда. 2025-2026 оқу жылында Shakarim High School мектебінің «Алтын белгі» белгісіне 7 оқушы, үздік аттестатқа оқушы лайық болып отыр.

– Мектебіміздің басты ерекшелігі – университет базасында құрылуы. Бұл оқушыларға ғылыммен ерте жастан айналысуға мүмкіндік береді. Шәкәрім университетінің профессорлық-оқытушылық құрамы, жас ғалымдары мен PhD докторлары арнайы дәрістер өткізіп, ғылыми зертханаларда практикалық сабақтар ұйымдастырады. Осы арқылы оқушылар ғылым мен білімнің байланысын терең түсінеді. 2024 жылы Абай облысы бойынша 221 білім үздігіне «Шәкәрім білім гранты» сертификаты берілсе, биыл облысымыздағы «Алтын белгіге» үміткер 434 тұлкке сертификат табысталды. Биылғы соңғы қоңырауда 68 тұлке мектеп қабырғасынан қанат қаққалы отыр. Оның 7-і - «Алтын белгіге», 7-і - үздік аттестатқа үміткер, – дейді мектеп директоры Бақыт Сейтқалиева.

Шәкәрім университетінің баспасөз қызметі



АБАЙ ДА САЯСАТ ҚҰРБАНЫНА АЙНАЛАР МА ЕДІ...

Кезіндегі залым саясат «тап жауы» деп көзге шұқып, Құнанбай мен Абайдың да аруақтарына тыныштық бермес өз алдына, балалары мен немерелерін де аяған жоқ. Біздің ғана білетіміз - қажы әулетінен 14 ұрпағы саяси қуғын-сүргіннің құрбанына айналды. Осыны айтқанда, «ұлы Абай көрілікке жеткен күнде, тағдыры қалай болар еді...» деген ойдан жанымыз түршігеді. Әңгіме бірақ Хакімнің дүниеден ерте-рек өткенінде емес. Біздікі «теңдік, әділдік» деп ұрандатқан большевиктер партиясы мен оның үкіметінің қазақ жеріне әкелген қисапсыз қасіретін ақынның көрмегеніне шүкіршілік етуге ғана келіп саяды.

Барша адам баласын бауыр тұтқан ұлы адамды жарымжан қоғам «хайуандарының» талауына қалайша қиярсың?! Хакім Абай қараңғылық «буғауы» барған сайын тарылып, сығымдала түскен бодандағы қазақ даласының мүшкіл хәлін аяусыз әшкереледі. Бұдан патша үкіметін «қанаушы, зорлықшыл билік» деп, өзі құлатқан «қызыл» диктатураға келіп-кетер дөңеме жоқ сияқты. Алайда ұлттар теңдігі шовинистік саясатқа көз алдайтын жылтыр ұран ғана екен. «Қып-қызыл» содыр билік сол баяғы империалистік пиғылды желеп-жебеп, орыс халқының мүддесіне «қайшы әрекеттерді» бәрине тіксінсе қарады.

Бұқар жыраудан басталған зар заман ақындарының терістіктен төнген қауіп-қатер туралы ескертпесінің шындыққа айналғанын көрген Абайдың қабағын мұң басады. «Қайран қазағының» бөтен жұртқа күні түсуінің себебін оның оқу-білімге салқын тартып, қараңғылық қапасында қамалуынан көреді. Сондықтан надандықтың обыр дерті секілді қасіретін айтудан жалықпайды. Себебі надан «өзімдікі ғана дұрыс» дейді, оған «қарыны тойса, ұйқысы қанса» жетіп жатыр. Мұндай қауымға кешіре білу жат, кемшіліксіз жанның жоғын түсініп, іштарлық пен қызғаныш зарарына көз жұма салу қолдарынан келмейді.

Орыс патшасының «құрығына» түскеннен кейін бұрынғыдан бетер өршіген жағымпаздық пен арызқойлық та сол надандықтың салдары еді. Осыған қынжыла отырып Хакім қандастарын оқу-білімге, ерінбей еңбек етуге және адалдық пен әділдікке шақырады. «Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім» деп, жастарға «пайда ойламай, ар ойлап, артық білуге талап қылуды, оқалы киім киіп, бос мақтанға салынбауды» өсиет етеді. Алайда «ақыл сөзге ынтасыз айналасы кенгенім-ақ соған деп табанданғанның» көбін киеді. Айналасының «баяғы жартас – бір жартас, қаңқ етер түкті байқамас» қалпынан еріксіз жабығады.

Өсіресе ата дәстүрді басқыншы биліктің, «көкпарға» тартқандай, жан-жақтан «жыртысқа» салғанын «көңілінің көзі ашық сергек» жанға көруден асқан азап жоқ. Хакімнің алдағы күнге деген үміті күнгірт тартып бара жатты: «Көк тұман – алдындағы келер заман, Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған. Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр, Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған...» - деп, «іші толған у мен өрт». Қазағының қараңғылық ұйғығына батқан алақанды тірлігінен «қайғы мен ыза қысып, тілінен зар шығады». Халықты «бай мен кедей» деп екіге жарып, өзара жауластыратын Қазан төңкерісінің «дүмпуі» талып жетеді.

Абайды сырттай білетін және Ресейдегі елдің толқуынан хабардар зиялы азаматтар қиыр-қиыр-дан хат-хабар жолдап, ақыл-кеңес қосуды сұрайды. Бұған басқан ізін қалт жібермей аңдыған жаулары «алақандарының» ысқылап, ояз бен ұлыққа арыздарын жаудырады. Жандарал кеңселері Хакімге жала жақпап шағымдарды шұқшы қарап, оның елдегі душпандарына астыртын «көпшік» қойып, қолдап бағады. Халық арасында қадірлі асыл, патшаның шен-шекендерінен сынап-мінген сөз сүйеліні, сәті түссе, омақа асырғылары-ақ келеді. Ақынға келген хатты сылтау етіп, 1903 жылы бір топ жандармның Абай үйінде тінту жүргізетіні белгілі.

Бұл жайында біз Ысқақов Әрхам Көкітайұлының естелігінен қанығамыз. Ақынның шебері інісі Жидебайға «үш аттан жеккен екі арба орыс» бұрып, тінту жүргізгені» жазды. Әлгілер «патша үкіметінің жамандап жазған хатты іздегендерімен, тұқ таппайды. Сонда отағасы «іздеп келгеніңі осы хат па?» деп, төс қалтасынан бір қағаз алып береді. Тергеуші мынадай «жомарттыққа» разы болып, оның жөн-жосығын білген соң, арты тыныш бітеді. Бірақ өзіне дейінгі ақын-жырауларды уайымға салған отарлық құлдықтың ауыртылуына Абай әлі талай бастан кешеді. Мәселен, ақынның Берібаев дегеннің домалақ арызы бойынша Семейде бірнеше ай тергеуде болатыны мәлім.

Елдің атқамінерлері, өкінішке қарай, «заманның илеуіне» көнбек түгелі «ұлық пен ояздың арқаға қағып, шенді шекпен жақпанына» маз болады. «Күштілері сөз айтса, шыбындап, сияз бар десе, жүрегі суылдап, құр күледі жымындыпты» кері. Хакім «жұрт меңгермектің» кез - келгенінің қолынан келмейтінін айттып, мақтан үшін болыс болатын «қайратсызға» «өтік тілді найзасын» кезейді. «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келе бермейді, - деп жазады ол. - Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Өз Тәуке ханның «Жеті жарғысын» білмек керек».

Қазақтың дәстүрлі құқық ережелерін білетін адам аз болған соң, қоғамды жағымпаздық пен сатқындық, арызқойлық пен арамдық кеулеп бара жатты. Табысқа тез жетуді аңсап, «бір-ақ секіріп шығам, бір-ақ ырғып түсем деп, яки ұрлықпен мал табам деп» масқара болатындар онда да аз емес еді. Ақын сондай-ақ, «сыбырдан басқа сыры жоқ, шаруаға қыры жоқ, өтік арызбен қалаға шабатын пысықай мен арамды «сойылмен жығып, шаңға аунадады». Қайран қазағының қараңғылық пен надандық қапасында қамалмай, «жарыққа» - білім мен ғылымға жетуін аңсап, өсіресе «жаздым ұлға жастарға бермек ұшы» деп, ел келешегіне үміт арттады.

Осы тынымсыз талап пен ізденіс үстінде ғұламаның тапқан арқатірегі білім мен ғылым «даңғылы» еді. «Бес күндік» тірлікте сүйініш пен күйінішті аз көрмеген ақынның өмірден суынатын кезіне дейін де көп қалмаған. Қоғамды «қанаушы мен қаналушыға» бөліп, іргеден жау тауып беретін ала-сапыран шақ та алыс емес. Абай тірі болса, 72 жасқа толатын жылы, қазан айының қара суығында «езілген елді жарылқаймын» деп, қандықол дикта-

АЛАШ АРЫСТАРЫ – ұлт рухының шамшырағы

31 мамыр - саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

“ Біз бір ұлттыз, бір тудың астында біріксек қана, ел боламыз. ”
— Алаш арыстары

тураның «қасабы» жалаң қағады. Азамат соғысының түптің сөйлімі жатып, ұлт тарихы пен әдебиетін, дін мен ділді, тіл мен дәстүрді терістеудің «кіші қазаны», большевиктік «тазалу» науқаны өршиді. Бірде аяздай қарып, енді бірде апаттай шығырған билік Абайдың асыл мұрасына да «қызыл» көрген қырғидай шүйілген болатын.

АҚЫН МҰРАСЫНА ШАБУҒЫЛ

Ұлт қайраткерлерінің ата тарих пен салт-дәстүрге ара түскен әділетті талабына кеңес үкіметі пысықрай, зиялы қауымды қыспаққа алды. Ұлы Абайды «қанаушы таптың ақыны» ретінде жазғырып, ақынның асыл мұрасына коммунистік мұратына жат әдебиет деп «күйе жағу» басталды. «Абай» романының 1-2-ші кітаптары мен «Абай жолы» романының 3-ші кітабын талқылауға арналған жазушылар жиналысының (12.08.1953 ж.) стенограммалық жазбасын қабырғаныз қайыспай оқу қиын («Мұхтар Әуезов. Өнегелі өмір», А., «Қазақ университеті», 2017 ж.). Әріптестерінің бірінің түсінбей, екіншісінің қасақана жапқан «жаласынан» жалыққан Мұхтар Омарханұлы «сыншаларын» түсінген сыңай танытуға мәжбүр.

Мәртебелі автор, «Абай» романын талқылау кезінде айтылған сын-ескертпелерді «бәлкім, кей тұстарында асыра көрсету бар шығар, мұнымен келісемін» деп, мойындағандай болады. Сондай-ақ, «жауапты қарап, шығармашылығына көмектескендері. Әуезовтің «Абай» романы қазақтың ұлы ақынының жарқын бейнесіне лайық болсын деген» жолдастық жанаһыр пікірлері үшін «ризашылығын» да білдіреді. Ол бірақ өзіндік ұстанымымен сыйыспайтын мәселелерге келгенде меймөңкеге салмайды. «Жалпы алғанда, маған көмектескен деген жолдастық көзқарасқа түсіністікпен қараймын десем, бұл менің әрбір тұжырыммен келіскенім болмаса керек?» - деп, тұрсына көшеді.

«Сіздер өз ойларыңызды жауапкершілікпен салмақтадыңыздар, мен де жазғанда көп ойlandым, яғни зерттедім, - дейді ол ашығын айтып, - демек менің де белгілі бір тұжырым жасауға өз себептерім бар. Бұл шығармалармен мен сегіз жыл (1942-1950 ж.) жұмыс жасадым. Сондықтан айтылғаның бәрі жөн, түзеймін десем, дұрыс бомайды... Әдебиеттен мүлде аулақ кейбір адамдар жарымжан ойларымен бәрін мансұқтамақ болады... Осылай жан сырын жасырмай, «әдебиетті, оның теңдерінде өздерінің жүргенін ақтау үшін ғана келгендерден қорғау керектігін», баса айтып, көрсетеді.

Бұл жазушының бір немесе бірнеше сыңға ғана берген жауабы емес, «сын шын болсын, шын сын болсын» деген азаматтық берік көзқарасы еді. Аяқтан шалуды азысын, абақтыға жаптырудан демелі «достарының» қанша «тістерін қайрап», жанталасса да арам пиғылдарына жете алмай, зығырданы қайнайды. Табиғи дарыны мен суреткерлік шеберлігінің және қайраткерлік табанды күресінің арқасында М. О. Әуезов Кеңестер Одағының бірінші дәрежелі Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты атанады. Ұлы жазушының шығармашылық табысы, жоғарыда айтқандай, оның барша адамзаттың биік мақсатына сай еркіндікті көкесген ерік-жігері мен шығармашылық дарынының жемісі болатын.

Абайдың асыл мұрасына «қалқан ері қамқор» болудың көпе-көрінеу қатерге бас тігу екенін Әуезов білмеді емес. «Абай» романын талқылаған аталмыш жиналысқа «қатыса отырып», сойқанды пікірлерден сабырсызды шырығады. Әуелде әңгіменің беталысы дұрыс-ақ; бірінші боп сөз алған Ғали Әбетов қаламгердің еңбегіне объективті баға беруге тырысады. Ол «Абайдың шыққан ортасын сыпаттайтын сюжеттің желісі бүкіл романның

арқауына айналып, автордың оны кең тыныспен көркем суреттейтініне» назар аударады. Оның бұлай айтуына, кейбір «сыншылардың» автор өткен заманды «тым боямалап жіберген» деген жаласы себеп еді.

Баяндамашыны одан әрі тыңдаса, ол «феодалдық ортаны суреттемешіне, Абай өмір сүрген заманның тарихи шындығын көрсету, сондай-ақ тарихи - ғұмырнамалақ романьның жанрлық ерекшеліктерін сақтау мүмкін емес, - деп, өз пікірін таптық қоғам талабына лайық негіздеді. - Жекелеген сыншылар ол ортаны суреттеуді автордың ескіні еспеттеуі деп көрсетеді, олар еңбекші халықтың есебінен жонданған ортаны, оның байлығымен, қатыгездігімен бейнелеудің қажеттігімен санаспайды... кейбір жолдасар шектен шығып, Әуезовтің жазғандарын түгелдей жоққа шығаруға және оны халық жауы ретінде көрсетуіге тырысады...»

Амал қайсы, «тап күресі туралы» насихаттан «уланған» немесе жеке басының қызғанышынан шырққан кейбіреу ұлы жазушы «өз қателігін» мойындап хат жазған 1932 жылдан кейін де «Әуезов бұған дейін қандай болса, сондай болып қалды» деп, оның «ізіне шам алып түседі». Ғалымның түбіне жетуді көздеген жала жабу «науқаны», ең өкініштісі, оның өмірінің соңына шейін дерлік тоқтамайды. Бұған байланысты Мұхтар Омарханұлы өз күйінішін былайша жазып қалдырыпты: «Біреу адал ниетімен, ақ жүрегімен сынаса, енді біреулер барынды жоққа шығаруға, аяқтан шалуға, суріндіруге, түңілдіруге тырысып бағады. Өз басым мұндайларды көп кездестірдім».

Мұндай қасақана душпандық әрекетке қалай күйінбессің?! Тіпті «Абай» романы үшін бірінші дәрежелі Мемлекеттік сыйлық берілгеннен кейін де Әуезовті сынап-мінеушілердің «шабуылы» тыйылмайды. Пәле-жала іздеушілердің сондағы бар тапқан кенесі, жаңа айтылғанды, жазушы қазақты өткен өмірін «тым еспеттеп» көрсетеді-міс. Тоқтамаппаған саяси қудалауларға 1951 жылғы 6 шілдедегі «Әлеуметтік-экономикалық пәндер, оның ішінде марксизм-ленинизм негіздері, тіл мен әдебиет, тарих кафедралары меңгерушілері жиналысының стенограммасы» да куәлік етеді. Онда ректораттың, партбюроның, ректордың немекеттілігінен ғылым академиясынан қуылған ғалымдардың университетке қызметке орналасқаны айтылалады.

Жиналыста өсіресе ҚазМУ-дің физика-математика, филология мен химия факультеттерінің оңбай «былғанғаны» сыңға алынады. Университет ректоры Т. Тәжібаев «Кенесары Қасымовтың реакциялық, феодалдық-монархиялық қозғалысына баға беруде буржуазиялық - ұлтшылдық, саяси қателерге жол берген профессор Бекмаханов ұзақ уақыт университетте оқытушылық жұмыста қала берді» деп «бармағын» тістейді. Бұған кі-нәлі «өмірбаяндарында теріс деректері бар немесе түрлі саяси қателер жіберген: Кеңесбаев, Ақпаев, Неминханов, қазақ тілі кафедрасының Маманов, Төлегенов, қазақ әдебиеті кафедрасының Ысмаилов, Кенжебаев, Әуезов, Шалабаев секілді оқытушылары-мыс».

ӘУЕЗОВТІ ЖАЗЫҚСЫЗ ҚУДАЛУ

Мұндай ауыр сыннан соң «халық жауына» айнал-у оң-ойды болатын. Алайда, қазақ ақын-жазушы-лары мен ғалымдары коммунистік қатал цензура заманында да ұлт әдебиеті мен тарихын ұлықтаудан бас тартпады. Жазушылардың қалалық жиы-ныңын стенограммасы - соның тағы бір дәлелі (24.08.1951ж.). Онда қазақ қаламгерлеріне «кеңес халқының өмірлік шындығының орнына револю-цияға дейінгі феодалдық ауылдың детальдарын жырлайды, Отан ұғымын географиялық тар шең-

бермен шатастырып, атамекенін мадақтаумен шұғылданады, ұлтшыл ақындарға тән көңіл-күй аңғарылады» деген айыптар тағылады.

Осы жиналыста сондай-ақ тапшылдық қарабайыр желеумен Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Қаракөз», «Мамыр», «Айман-Шолпан», Мүсіреповтің «Қыз Жібек», «Қозы-Көрпеш», «Ақан сері», Құсайыновтың «Шаншарлар», «Алдар Көсе», Тәжібаевтің «Жомарттың кілемі», «Біз – қазақтар», Жұмалиевтің «Едіге» секілді шығармаларын «қайта қарауға міндеттіміз, бұларда өткеннің мұрасын сын көзімен игерудің ойдағыдай емесіне күмән жоқ» делініпті. Бірақ, жаңағыдай дауасыз сыңға жауап беріп, дұрыс-бұрысын түсіндірмек түгілі, ондай өмеурін білдірудің өзі орыс шовинизмі үстемдік құрған қоғамда мүмкін емес болатын.

Ұлы ақынның асыл мұрасының мөлдір қайнарынан сусынын басып, терең ұлағат түйген Әуезов үшін, тегінде, жалпыадамзаттық құндылық – бостандық пен тәуелсіздіктің өмірлік темірқазық екені де табиғи нәрсе. Мұхтар Омарханұлының азаматтық жолы, аса көрнекті ғалым З. Қабдолов жазатындай, «Абайдың күллі шығармаларында желі боп тартылып жатқан «қалың елі – қазағы, қайран жұртының қамын ойлауы. Абай жарық дүниеге тек осы оймен келді, осы оймен өмір сүрді, осы оймен дүниеден өтті... Бағамдап байқасақ, Әуезовте де осы ойдан, мақсаттан, арманнан тыс тіршілік болмаған секілді». Қайраткер жазушы есіл елінің күй-зелісін көре тұра үкіметтің қолшоқпарына айналмақ емес-ті.

Жалпы, Мұхтар Омарханұлының ұлтжанды қызметі мен тәуелсіз ұстанымына тиісті «жазалау» органдары ерте бастан назар аударады. Олар Әуезов өз еркімен партиядан шыққанда, «қолдан ескен бұғалықтарының» ұшы уыстарынан суып шығып бара жатқанына өкінгенімен, ашу-ызаларын іштеріне бүгіп, қолайлы сәтті күтуге мәжбүр. Аңдыған қарақшы «көздің» сұғынған уақытша болса да сырт айнала тұру қаламгерге де аса қажет еді. Ол ендігі өміріне жазушылық пен ғылыми зерттеушілікті таңдап, тіпті «тыңшылардың» бір уақ «адас-тырып» кеткендей-ді. Алайда, бұл уақытша ғана тыныс алу екен.

Сондықтан тағдыры «қыл үстіндегі» Мұхтар Омарханұлы үшін тиісті органдар мен жауларының нысанасына қайтара ілікпей тұрғанда Ағарту халық комиссары О. Жандосовтың атына өтініш жазып, ғылыми-педагогтік қызметке оралу өмірлік қажеттілік еді. Өз өтінішінде ғалым «Соңғы жылдары әдебиетті зерттеудің әлеуметтік-имманентті тәсілінің (марксистік ұстаным - Б.Ж.) иланған жақтаушысына айналдым» немесе «ғылыми-оқытушылық қызметсіз болашағымды елестете алмаймын» деп, өзін Ташкенттегі педагогикалық институттың оқытушылар қатарына қосуды сұрайды. Аталмыш өтініш қолдау тауып, бұл таңдаудың Әуезовтің ғылыми ізденісінің мәуелі «жеміс беруінде» дұрыс шешім болғаны көміл.

Сөз орайында Әуезовтің сыншыларын біз үш топқа жіктер едік. Мұның біріншісі - ақиқатын айтып, әділ бағасын бере тұрып та партия саясатының ықпалынан шыға алмағандар; ал екіншілері таптық саясат ұранымен өбден «уланғандар» болса, үшіншілері – «жарымжан ойларын» лалылдатып, жазушы жеке бастық қызғанышымен «күйдіретін» пәлекорлар мен жаңдайлаптар. Осы соңғыларының Әуезовті халық жауы ретінде көрсетуден дәмісі зор болатын. БКП(Б) өлкелік комитетінің мәдениет және ленинизмді насихаттау бөлімінің жанындағы «Хан Кене» пәсілістін талқылаған 1934 жылғы 8 мамырдағы мәжілістің стенографиялық есебі де соның айғағы.

Сонымен қатар Қазақстан кеңес Жазушылары одағының қалалық жиналысында «Әуезовтің «Хан Кене» пәсесі, «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томы, Мұқановтың «Балуан Шолағы», «18-19 ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының очерктері», Ысмайылов және Жұмалиевпен бірігіп жазған оқулықтары мен Бекқожиннің шығармасы қатал сыңға алынады. Алдын ала сайлауып келген «сыншылар», тіпті қисынсыз «кылбұрау» салады. Аталған авторлардың шығармаларында «Кенесары халық кесемі, ал қозғалыс прогрессивті деп көрсетіледі... орыс халқының қас жауы – Едігеден басталатын феодалдық-құлдық батырлықтың кезекті толқыны болып шығады» деген айыптар тағылады.

Сонда қалай, «Ресейді халықтар түрмесіне» айналдырған зұлым патшаның басқыншылығына қарсы күрескен қаһармандар «орыс халқының қас жауы» болып шыққаны ма? Кеңес үкіметі «екі Ресей бар...» деп қаншалықты жар салғанымен, жеме-жемге келгенде, орыс патшасына, отаршылдыққа, құлдық пен қанауға қарсы әділетті көтерілістің бәрине де «аға халыққа» қарсы күрес деген «қара таңба» салынғаны анық. Олай болса, әңгіме ескіні көксеуде де, байшылдықта да емес болатын. Бар мәселе тарихи шығармалар мен ғылыми зерттеулердің империялық, шовинистік үстемдік саясатқа жат көзқарас ретінде қабылдануында еді.

Сайып келгенде, елдің «соқтықпалы, соқпақсыз» өткен дәуірі мен жол-жарналарының жазушы кеңес үкіметі бодандыққа түскенге дейінгі бостандықтың артықшылығын көрсетіп, халықты еркін ел болуға үндеу деп қабылдап, тәуелсіздік туралы өлі салатын кез-келген пікірге үрке қарады. М.Әуезовтің «Хан Кене» спектаклінің бірінші және соңғы қойылымында әскерін жаулары қоршап алғанда Кенесарының «қазағы үшін өлуге даяр екенін» мәлімдеп, «еріңдер соңымнан» деп ұран тастағанда сахнадағы өртістерге қоса көрермендердің де ере жөнелуге дайын тұрғаны-ақ коммунистік диктатура «қолшоқпарларының» үрейін ұшырғаны даусыз.

«Қызыл» билік ұлы Абай мұрасын насихаттаудың да ұлттың оянып, өзінің өткен жолын, бүгінгі өмірі мен болашағын пайымдауының рухани сөрілісіне себеп болуынан қатты сақтанды. «Ескіні жазу жаңаны жатырқау» ғана емес, тәуелсіз заманды көксеу, тіпті оған іш тарту ретінде үкіметтің үрейін ұшырды. Мұхтар Омарханұлының екі жастық махаббатын дәріптеп, қараңғы қоғамның қасіретін көрсеткен «Еңлік - Кебек» пәсесі/спектаклін «жана адам тәрбиелеу міндеттерінде қайшы келеді» деген сылтаумен оқшаулап, саяси астар іздеуден өткен масқара бар ма!? Ендеше, ұрпағының тоз-тозын шығарып, шығармаларын отқа тастауға құлшынған коммунистік жүйенің ұлы Абайды да, тірі болса, саяси қуғын-сүргіннің құрбанығына шалатынына күмән болмаса керек.

Болат ЖҮНІСБЕКОВ, жазушы арнайы «Semei tany» газеті үшін



АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

АҚСУАТ

ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ - АДАМ

Қай дәуірде де елдің байлығы тек табиғи ресурстармен немесе экономикалық көрсеткіштермен ғана өлшенбеген. Мемлекеттің ең қымбат қазынасы - оның халқы, яғни адам капиталы. Өйткені елді алға сүйрейтін де, дамытып, өркендететін де, рухани биікке көтеретін де - адам.



Сондықтан қоғамның әрбір мүшесіне қамқорлық көрсету, олардың өмір сапасын жақсарту - кез келген мемлекеттің басты мұраты. Осы бағытта «AMANAT» партиясы Ақсуат аудандық филиалы мүшелерінің бастамасымен, тікелей қатысуымен жүзеге асып жатқан әлеуметтік жобалардың маңызы айрықша. Атап айтқанда, «Ардагерлерді ардақтайық», «Бақытты отбасы», «Кедегіріс келешек» сынды жобалар - халықтың түрлі санаттарына қолдау көрсетуді көздеген игі бастамалар.

Ақсуат өңірінде бұл жобалар шеңберінде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында ел дамуына өлшеусіз

үлес қосқан аға буын өкілдеріне құрмет көрсетіліп, олардың әлеуметтік жағдайы жақсартуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Ардагерлер - өткеннің шежіресі, тарихтың тірі куәгерлері. Оларды ардақтау - өткенге тағзым ғана емес, келешек ұрпаққа өнеге. Берекелі отбасы - берік қоғамның іргетасы. Сондықтан отбасы институтын нығайтуға бағытталған «Бақытты отбасы» жобасы бойынша аудан көлемінде көп балалы және аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсетіліп, тәрбиелік мәні зор іс-шаралар жиі өткізіледі. Бұл - қоғамдағы тұрақтылық пен бірлікті нығайтудың нақты көрінісі.

«AMANAT» партиясының «Кедегіріс келешек» жобасы мүмкіндігі шектеулі жан-

дардың қоғам өміріне белсенді араласуына жағдай жасауды көздейді. Қоғамда тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мақсатында тұрақты жұмыс жүргізіліп келеді.

Сонымен қатар қарапайым еңбек адамдары да назардан тыс қалған емес. Еңбек адамы - ел экономикасының тірегі. Сондықтан күнделікті маңдай терімен қоғамға үлес қосып жүрген жандардың еңбегін бағалау - әділетті қоғамның белгісі. Еңбек адамдарының жетістіктерін насихаттау арқылы оларды жастарға үлгі ету - еңбекқорлыққа тәрбиелеудің бір жолы. «Ұлттық мұра» жобасы аясында да тағылымды іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Ауданымыздағы танымал күйшілер арасында рухани кеш өткізіліп, қолөнершілердің көрме-жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Ұлттық құндылықтар дәріптелген ауқымды шара көпшіліктің көңілінен шықты. Сондай-ақ ардагерлер мен жасөспірімдер арасында ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақтан облыстық деңгейдегі жарыстар ұйымдастырылып, рухани мұрамыз жаңғыртылды.

Атқарылып жатқан игі істердің барлығы бір мақсатқа тоғысады. Ол - адамға деген құрметті арттыру, әр азаматтың елеулі ашуға мүмкіндік беру. Себебі мемлекет байлығы - адам. Адамға салынған инвестиция - болашаққа салынған инвестиция. Білімді, дені сау, әлеуметтік тұрғыдан қорғалған қоғам ғана тұрақты дамуының даңғыл жолына түседі.

Сондықтан әрбір бастама, әрбір игі іс ел алдымен адам игілігі үшін жасалуы тиіс. Сонда ғана ел өнессе биіктеп, келешек көкжиегі кеңейе түспек.

Тілеуқабыл КӨНЕКБАЕВ,
«AMANAT» партиясы Ақсуат аудандық филиалының төрағасы

АЯГӨЗ

Асық ату - қазақ халқының көнеден келе жатқан ұлттық ойындарының бірі. Соңғы жылдары ата-бабадан қалған асыл мұрамыз жас ұрпақты ептілікке, мергендікке, шапшаң ойлауға және дәлдікке баулитын заманауи спорт түрі ретінде қарқынды дамып келеді. Жастар арасында асық атуға деген қызығушылық жыл сайын артып, еліміздің әр өңірінде кеңінен насихатталуда.

Ай-Керім ЖАҚЫП,
«Semei tahy»

ЕРКЕБҰЛАН - ЕЛ ЧЕМПИОНЫ

Жуырда асық ату спортынан «Алаш сақасы» республикалық турнирі Павлодар облысының Екібастұз қаласында өтті. Дүбірлі додаға Қазақстанның 14 өңірінен 29 үздік спортшы қатысып, өзара бақ сынасты. Жарыс барысында қатысушылар ұлттық спорттың қыр-сырын терең меңгергенін көрсетіп, ептілік пен мергендіктерін паш етті.

Абай облысының намысын бұл сында аяғездік спортышы Еркебулан Орынғожин қорғады. Ол қарсыластарының арасынан суырылып шығып, үздік нәтиже көрсетіп, турнирдің бас жүлдесін жеңіп алды. Бұл жеңіс - оның табындылығы мен тынымсыз еңбегінің жемісі.

Еркебулан Қариоллаұлы Орынғожин 1988 жылы Ақсуат ауданында дүниеге келген. Ол 2006-2011 жылдары Семей мемлекеттік педагогикалық институтында білім алып, дене шынықтыру мамандығы бойынша кәсіби жолын қалыптастырды. Еңбек жолын 2012 жылы Аягөз аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде бастаған ол 2013 жылдан бері Аягөз қаласындағы №1 жалпы орта білім беретін мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі бо-

лып қызмет етіп келеді.

Спортшы асық ату өнерімен бала кезден айналысқанымен, кәсіби түрде 2024 жылдан бері шұғылдана бастаған. Соған қарамастан, қысқа уақыт ішінде үлкен жетістіктерге қол жеткізіп үлгерді. 2025 жылы ол ауыл спорт ойындарында Абай облысының чемпионы атанып, облыстық біріншілікте жүлделі орын иеленді. Сондай-ақ республикалық «Ақ бидай» ауыл спорт ойындарына қатысып, тәжірибе жинақтады.

2026 жыл Еркебулан үшін ерекше табысты болды. Ол облыс чемпионы атанып қана қоймай, республикалық «Алаш сақасы» турнирінде жеңіске жетіп, бас жүлдені иеленді.

Сонымен қатар халық спорт ойындары жарысында қола жүлдегер атанып, республикалық деңгейдегі додаға жолдама алды. Бұл жарқын жеңіс - облысымызда ұлттық спорттың, соның ішінде асық ату өнерінің қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді.

Ұлттық рухты асқақтатып, өңір намысын абыроймен қорғаған спортшыға алдағы уақытта долағай табыс пен жаңа жеңістер тілейміз.



БЕСҚАРАҒАЙ



АУЫЗ СУМЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Ауыз су - адам өмірінің сапасын айқындайтын ең маңызды әлеуметтік игіліктердің бірі. Сондықтан да халықты сапалы әрі таза ауыз сумен қамтамасыз ету мемлекет алдындағы стратегиялық міндеттердің қатарында. Бұл бағыттағы жұмыстар, тұрғындардың денсаулығын жақсартумен қатар, ауылдық аумақтардың дамуына, халықтың тұрмыс деңгейінің көтерілуіне де тікелей ықпал етеді.

Осы орайда Бесқарағай ауданында тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында ауқымды инфрақұрылымдық жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Бүгінде аудан аумағындағы бірқатар елді мекендерде су құбыры желілерін салу және жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жуырда аудан әкімі Ділдар Қалихан жұмыс сапарымен бірнеше ауылды аралап, ауыз су жүйелерінің құрылыс жұмыстарымен танысып қайтты. Іссапар аясында Жыланды, Малая-Владимировка, Башкөл, Кривинка ауылдары мен Морозов орман шаруашылығындағы құрылыс нысандары назарға алынды.

Қазіргі таңда аталған бес елді мекенде су инфрақұрылымын жаңарту жұмыстары белсенді жүргізілуде. Өрбір нысанда аудан әкімі мердігер ұйымдардың өкілдерімен және техникалық қадағалау мамандарымен кездесіп,

атқарылып жатқан жұмыстардың сапасына ерекше мән берді. Кездесу қорытындысы бойынша жауапты мердігерлерге құрылыс жұмыстарын сапалы әрі белгіленген мерзімде, яғни үстіміздегі жылдың соңына дейін толық аяқтау жөнінде нақты тапсырмалар жүктелді. Сонымен қатар салалық бөлім басшыларына құрылыс барысын тұрақты бақылауда ұстау міндеттелді. Өрбір жұмыс кезеңінің техникалық талаптар мен құрылыс стандарттарына сай орындалуы қатаң қадағаланатын болады.

Бесқарағай ауданында тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады. Жобалар толық аяқталғаннан кейін аталған ауылдардың мыңнан астам тұрғыны тұрақты әрі сапалы ауыз суға қол жеткізеді.

Ерболат РАХМЕТУЛИН

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ТАҢДАДЫ



Бесқарағай ауданындағы шағын ғана Черемушка ауылы бүгінде үлкен өзгерістің символына айналды. Бар болғаны 25 аула мен 60 тұрғыны бар елді мекен көпке үлгі боларлық батыл шешім қабылдап, алкогольден толықтай бас тартты. Бұл - заң мен тәртіп негізделген жаңа қоғамдық мәдениеттің айқын көрінісі.

Қазір ауыл тіршілігі мүлде жаңа арнаға бет бұрған. Таң атысымен мал өріске шығып, техника үні естіледі, балалардың шат күлкісі жаңғырады. Ал көшелерде тыныштық пен сенім салтанат құрған. Черемушка тұрғындары тәртіп бар жерде береке, заңға құрмет бар жерде қауіпсіздік болатынын терең түсінеді.

Ауылда өткен жында уәкелілік полиция инспекторы, полиция майоры Өсет Сағадиев қоғамдық тұрақтылықтың маңызына тоқталды. - Заң мен тәртіп - мемлекеттің ғана емес, әр шаңырақтың қорғаны. Қоғамдағы тыныштық әр адамның өз таңдауынан басталады. Сіздердің бүгінгі қадамдарыңыз - келер ұрпақтың қауіпсіз болашағына қаланған берік негіз, - деді полиция майоры.

Оның айтуынша, алкогольден бас тарту - тек денсаулық мәселесі емес. Бұл - құқықбұзушылықтың алдын алудың, тұрмыстық жанжалдарды азайтудың және жастар арасында тәртіп мәдениетін қалыптастырудың тиімді жолы.

Шынында да, бүгінде Черемушкада ішімдік ішіп, жанжал шығаратын тұрғындарды кездестірмейсің. Тұн тыныштығын бұзатындар да жоқ. Оның орнына спорт алаңында жаттығып, салауатты өмір салтына бет бұрған жастар көп.

Ауыл әкімі Талғат Құмаров бұл бастаманы ауыл болашағына салынған маңызды инвестиция деп бағалайды.

- Біз тек ішімдіктен бас тартып отырған жоқпыз. Біз ауылдағы тәртіпті, бірлікті және жауапкершілікті күшейтіп отырмыз. Әр отбасының амандығы - бүкіл ауылдың тұрақтылығы, - дейді ауыл әкімі.

Черемушкадағы оң өзгерістер ең алдымен тұрғындардың санасынан басталды. Бір-біріне жанашырлық танытқан ауыл халқы ортақ шешім қабылдап, туған жер тағдырына бейжай қарамайтындарын дәлелдеді.

Ауыл ақсақалы Сейітхан ата бұл бастаманы «ұрпаққа қалатын өнеге» деп бағалады. - Бұрын «Ауылдың берекесі бірлікте» дейтін. Бүгін соған көз жеткізіп отырмыз. Денсаулығын сақтаған елдің рухы да мықты болады, - деді ақсақал ақ батысын беріп.

Тұрғындары алкогольден толықтай бас тартқан Черемушка бүгінде қоғамдық тәртіп пен салауатты өмір салтын таңдаған үлгілі ауылға айналды. Бұл бастама өзге елді мекендерге де үлгі болып, қоғамда заң мен тәртіп құндылықтарын нығайтуға серпін беретіні сөзсіз.

«ST» - ақпарат

БОРОДУЛИХА

ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан құрақ құрау өнері халқымыздың талғамын, шеберлігін, даналығы мен дүниетанымын айшықтайды. Әрбір құрақтың бояуында өмірдің сәні, әр өрнегінде терең мағына, ал әрбір тігісінде аналардың мейірімі мен өлшеусіз еңбегі жатыр. Сондықтан құрақ көрпе мен ұлттық нақыштық тұрмыстық бұйымдар халқымыздың шежірелі тарихын, салт-дәстүрін және өшпес рухын паш ететін асыл мұра саналады.

Бүгінде ұлттық өнер жаңаша сипат алып, халықаралық деңгейде насихатталып келеді. Жақында шығыс өңірінде өткен ауқымды фестиваль осының айқын дәлелі болды. Ауқымды шараға Бородулиха ауданының шебері де қатысып, ұлттық өнердің абыройын асқақтатуға өз үлесін қосты. Өскемен қаласында өткен «Ғасырлық дәстүрлер» халықаралық фестивалі аясында ұйымдастырылған «Аламан құрақ - 2026» іс-шарасы мыңға жуық алтын қолды шебердің басын қосты. Жоба аясында ұзындығы 2 шақырымға созылған өсем құрақ көрпе мен ат бейнесінде өрнектелген жастықтар көпшілік назарына ұсынылды. Теңдессіз өнер туындылары GBR (Global Best Of Records) әлемдік рекордтар кітабына ресми түрде еніп, қазақ көпөнерін халықаралық деңгейде тағы бір мәрте өйгіледі. Іс-шараға қатысқан Абай облысы шеберлерінің арасында Бородулиха ауданының «Солнышқо» балабақшасы меңгерушісінің міндетін атқарушы Айнургүл Майкенова да болды. Айнургүл Нұртайқызы ұлттық өнерді жаңғыртуға қосқан үлесі үшін жобаның арнайы сертификатпен, сондай-ақ халықаралық дәрежедегі алтын және күміс медальдармен марапатталды.

- Осындай ұлттық құндылықтарымыз дәріптелген ша-

ЖАРМА

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ - ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Ұлттық ойындар - халқымыздың асыл мұрасы, ұлттық құндылықтарымыздың ажырамас бөлігі. Ұлттық ойындар жас ұрпақтың ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, логикалық қабілетін дамытып, ұлттық салт-дәстүрге деген құрметті қалыптастырады. Әсіресе зияткерлік ойындардың білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуы балалардың танымдық белсенділігін арттырып, математикалық және логикалық ойлау дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық ойындарды білім беру үдерісіне енгізуге бағытталған бастамалардың маңызы артып келеді.



Жуырда Жарма ауданының Қалбатау ауылындағы «Алтынай» балабақшасында мектепке дейінгі мекемелердің дене тәрбиесі нұсқаушылары, тәрбиешілері мен педагогтары арасында бестемше ұлттық ойынынан облыстық ашық біріншілік өткен еді.

Жарысқа Ақсуат, Аягөз, Жарма, Көкпекті аудандары мен Семей қаласынан келген 12 команда құрамындағы 24 білікті спортшы қатысты. Мамандардың айтуынша, бестемше ойыны балалардың арифметикалық қабілетін дамытып, логикалық ойлау жүйесін жетілдіруге оң ықпал етеді.

Өңіріміздің бестемше шеберлері үшін бұл жарыс республикалық чемпионаттар мен спартакиадалар ал-

дындағы дайындық кезеңі болды деуге болады. Сайыста қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, шеберліктерін шыңдауға мүмкіндік алды.

Жарыстың ашылу салтанатында облыстық инновациялық-әдістемелік орталығының мектепке дейінгі бөлім басшысы Айжан Жұмағұлова мен «Алтынай» балабақшасының меңгерушісі Гүлфира Маркеноқызы сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жарыстың әділ өтуін қамтамасыз еткен төрешілер алқасының құрамында білім беру және спорт саласының тәжірибелі мамандары - облыстық инновациялық-әдістемелік орталығының бөлім басшысы Ай.Жұмабекқызы, Жарма ауданы

білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің әдіскері Ө.Бүкенбаева, Семей қаласы білім бөлімінің №1 «Арман» бөбекжайының дене тәрбиесі нұсқаушысы Е.Советханов, осы бөбекжайдың дене тәрбиесі нұсқаушысы Е.Аңсағанов және Жарма ауданы білім бөлімінің «Бастау» балабақшасының тәрбиешісі Ө.Бахтина болды.

Жарыс қорытындысы бойынша, бас жүлдені Семей қаласындағы №8 «Балбөбек» бөбекжайының тәрбиешілері Айгерім Туканова мен Шолпан Кудекенова жеңіп алды. I орынды Ақсуат ауданының «Балдырған» бөбекжайының дене тәрбиесі нұсқаушысы Өділет Қалиоллаев пен К.Нұрбаев атындағы Ақсуат орта мектебінің тәрбиешісі Әлия Асылбекқызы иеленді. II орын Семей құрамының «Erudit kids» балабақшасының дене тәрбиесі нұсқаушысы Сандуғаш Әділханқызы мен тәрбиеші Алуа Орынхановаға бұйырды. Ал III орынды Көкпекті ауданының «Көкпекті - Толағай» бөбекжай-балабақшасының дене тәрбиесі нұсқаушысы Елдос Төкенов пен педагог Айжан Көкенова еншіледі.

Жарыстың жабылу салтанатына Жарма ауданы білім бөлімінің басшысы Данияр Тоқанұлы мен жарыстың бас төрешісі Досым Кенжебекұлы қатысып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерге марапаттар тапсырды.

Осындай зияткерлік жарыстар ұлттық ойындардың дамуына серпін беріп қана қоймай, жас ұрпақтың ой-санасын жетілдіруге, ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыруға ықпал етеді.

Саяхат МҰХТАПҰЛЫ

Қала әкімінің 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 5 «Семей қаласы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қала әкімі **ШЕШТІ:**
1. Қала әкімінің «Семей қаласы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы» 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6372 болып тіркелген), қала әкімінің 2025 жылғы 9 шілдедегі № 3 шешімімен енгізілген өзгерістермен), келесідей өзгерістер енгізілсін:
қосымшаға сәйкес, көрсетілген шешімнің қосымшасы жаңа редак-

цияда жазылсын.
2. Шешімнің орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А. КОЖАНБАЕВ

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ ӨКІМІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 10 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ № 5 ШЕШІМІМЕН БЕКІТІЛГЕН

Қала әкімінің 2026 жылғы « ____ » _____ № ____ шешіміне қосымша

№ 1 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Холодный ключ кенті, Школьная көшесі, 42. Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 48 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Холодный ключ кентінің барлық тұрғын үйлері, Шульбинский жол үсті көшесінің барлық тұрғын үйлері, Ленингорская көшесінің барлық тұрғын үйлері, екі жағы, Абыралы, Айнабулақ, Овражная, Поворотная көшелері бойындағы тұрғын үйлерді қоса алғанда.

№ 2 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Лебаев көшесі, 45 А, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 21 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, 1 Лесотарная көшесі, 1-ден 29-үйлерге дейін, 2 Лесотарная көшесі, 1-ден 25-үйлерге дейін, Нижне-Ключевая көшесі, 1-ден 25-үйлерге дейін, Верхне-Ключевая көшесі, 1-ден 7-үйлерге дейін, 1 Жоламан көшесі, 1-ден 59-үйлерге дейін, 2 Жоламан көшесі, 1-ден 64-үйлерге дейін, 3 Жоламан көшесі, 1-ден 55-үйлерге дейін, 4 Жоламан көшесі, 1-ден 76-үйлерге дейін, 5 Жоламан көшесі, 1-ден 25-үйлерге дейін, 6 Жоламан көшесі, 1-ден 27-үйлерге дейін, 7 Жоламан көшесі, 1-ден 22-үйлерге дейін, ет комбинатының базасы, Рехтик көшесі, Шульбинская көшесі, 1-ден 24-үйлерге дейін, Карагандиная көшесі, 1-ден 59-үйлерге дейін, Бухтарминская көшесі, 1-ден 33-үйлерге дейін, Убинская көшесі, 1-ден 11-үйлерге дейін, Георгиевская көшесі, 1-ден 33-үйлерге дейін, 7 Кирпичный түйік көшесі, 1-ден 53-үйлерге дейін, 8 Кирпичный түйік көшесі, 1-ден 31-үйлерге дейін, 666 Километр көшесі.

№ 3 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Марат Лебаев көшесі, 45 А, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 21 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Марат Лебаев көшесінен бастап, Алматы - Семей бас теміржол желісі бойымен қаланың оңтүстік шетіне дейін, 1 Кирпичный түйік көшесіндегі барлық тұрғын үйлерді қоса алғанда 1-ден 34-үйлерге дейін, 2 Кирпичный түйік көшесіндегі 1-ден 55-үйлерге дейін, 3 Кирпичный түйік көшесіндегі 3-тен 44-үйлерге дейін, 4 Кирпичный түйік көшесіндегі 1-ден 75-үйлерге дейін, 5 Кирпичный түйік көшесіндегі 3-тен 135-үйлерге дейін, 6 Кирпичный түйік көшесіндегі 1-ден 66 а -үйлерге дейін, 9 Кирпичный түйік көшесіндегі 1-ден 55-үйлерге дейін, 10 Кирпичный түйік көшесіндегі 1-ден 52-үйлерге дейін, Кирпичный зауыты көшесі, 19-дан 50-үйлерге дейін, 2 Кирпичный түйік көшесіндегі 2-ден 10-үйлерге дейін, 3 Кирпичный түйік көшесіндегі 3-тен 44-үйлерге дейін, Марат Лебаев көшесіне шығатын, Марат Лебаев көшесіндегі 1-ден 51-үйлерге дейін, Алматы - Семей бас теміржол желісіне дейін, Изопром көшесі бойындағы барлық тұрғын үйлер.

№ 4 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Мұхтар Әуезов даңғылы, 85, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 13 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Мұхтар Әуезов даңғылынан бастап, теміржол желісінің бойымен Ертіс өзенінің жағасына дейін, Ертіс өзенінің жағасы бойымен Баян Байғожина көшесіне дейін, Баян Байғожина көшесіндегі тұрғын үйлерді қосқанда, Титов көшесінен, Титов көшесінен, Титов көшесіндегі 144, 146, 148, 159-үйлерге дейін және Пищевиков көшесіндегі 5, 7, 9, 11- үйлерді қосқанда, Кабельный түйік көшесіне дейін, Кабельный түйік көшесінің тақ жағынан Мұхтар Әуезов даңғылына дейін, Мұхтар Әуезов даңғылының тақ жағынан теміржол өткеліне дейін, бұрынғы СКТУ-6 екі жатақханасын қоспағанда.

№ 5 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Титов көшесі, 138, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 41 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Сорокин көшесінен бастап, Титов көшесінің жұп жағынан, Титов көшесі, 155 а бойынша «Транспорт» өндірістік бірлестігінің жатақханасын қосқанда, Баян Байғожина көшесіне дейін, Баян Байғожина көшесінен, Титов көшесіндегі 144, 146, 148, 159-үйлерге дейін және Пищевиков көшесіндегі 5, 7, 9, 11-үйлерге дейінді қоспағанда, Алматы - Семей теміржол желісіне дейін, теміржол желісінің бойымен Сорокин көшесіне дейін, Сорокин көшесінің тақ жағынан Титов көшесіне дейін, 1 Околоток көшесіндегі 2 пәтерлі тұрғын үйді қосқанда.

№ 6 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Мұхтар Әуезов даңғылы, 112, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Мектеп жанындағы интернаты бар № 42 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Құнанбай көшесінен бастап, Мұхтар Әуезов даңғылындағы 98-ден 114 а үйлерге дейін, бұрынғы троллейбус паркінің аумағын қосқанда, Уральский жол үсті көшесіне дейін, Уральский жол үсті көшесінің тақ жағынан, Құнанбай көшесіне дейін, Құнанбай көшесіндегі 15, 15 а үйлер, Мұхтар Әуезов даңғылына дейін, Болашақ және Келешек даңғылдарының жеке меншік секторын қосқанда.

№ 7 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Юность көшесі, 80, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 19 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Юность тұрғын ауданы, 8, 25, 29, 31, 33, 33 а, 35, 39, 49, 69, 71, 75, 77, 79-үйлерге дейін, Юность ықшам ауданының 3-үйі мен 1/1 жатақханасын қосқанда.

№ 8 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Юность көшесі, 80, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 19 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Юность ықшам ауданы, 4, 7, 19 а, 37, 41, 43, 45, 47, 51, 55, 57, 59, 63, 65, 67, 73-үйлерге дейін, Юность ықшам ауданының 4/3-үйі мен 1/2 жатақханасын қосқанда.

№ 9 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Парковая көшесі, 1, Абай облысы білім басқармасының «Геодезия, картография және құрылыс жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, автоколлонна аумағынан бастап, құрылыс колледжінің ғимаратын, Юность көшесіндегі 10/1-үй, Құнанбай көшесіндегі 37, 39, 41, 43-үйлерді қоспағанда, Аягез көшесіндегі 1 теміржол желісінің бойымен, үй құрылыстары аяқталғанға дейін, Аэропорт көшесіндегі барлық тұрғын үйлерді қоса алғанда, 6 - 180 үйлерге дейін, әуе кәсіпорнының және Жас Алаш көшелерінің тұрғын үйлерін қосқанда.

№ 10 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Парковая көшесі, 1, Абай облысы білім басқармасының «Геодезия, картография және құрылыс жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Құрылыс колледжінің ғимаратынан бастап автоколлонна бойымен Құнанбай көшесіне дейін, Құнанбай көшесінен, 34, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 46 дейінгі үйлерді қосқанда, Юность көшесіне дейін, Юность көшесінен, Юность ықшам ауданының 1, 2-үйлерін қосқанда, Юность ықшам ауданына дейін, Юность ықшам ауданының 5, 19, 21, 23, 27, 53, 61-тұрғын үйлерін қосқанда, құрылыс колледжінің ғимаратына дейін, Юность көшесіндегі 10/1-үйді қосқанда.

№ 11 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Ұшақтар ықшам ауданы, 1, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 49 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Құнанбай көшесінен бастап, Рыков көшесінің тақ жағынан Молодогвардейская көшесіне дейін, Молодогвардейская көшесінің тақ жағынан Дружба көшесіне дейін, Дружба көшесінің жұп жағынан Кеңірбай би көшесіне дейін, Кеңірбай би көшесімен, 4-тен 27-ге дейін Юность түйік көшелерінің үйлерін қоса алғанда, Құнанбай көшесіне дейін, Құнанбай көшесімен Рыков көшесіне дейін.

№ 12 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Молодогвардейская көшесі, 48, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Қайрат Рысқұлбеков атындағы № 33 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Молодогвардейская көшесінен бастап, Янушкевич көшесінің жұп жағынан, Автодорожная көшесіне дейін, Автодорожная көшесінің тақ жағынан, Молодогвардейская көшесіне дейін, Молодогвардейская көшесінің жұп жағынан, Адольф Янушкевич көшесіне дейін, 18 Подстанция көшесінің тұрғын үйлерін қосқанда.

№ 13 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Молодогвардейская көшесі, 48, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Қайрат Рысқұлбеков атындағы № 33 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Адольф Янушкевич көшесінен бастап Молодогвардейская көшесінің жұп жағынан, Дружба көшесіне дейін, Дружба көшесінің тақ жағынан Кеңірбай би көшесіне дейін, Кеңірбай би көшесімен Комсомольский кентінің шетіне дейін, Комсомольский кентінің шетімен Семей - Знаменка тас жолына дейін, Семей - Знаменка тас жолы бойымен Адольф Янушкевич көшесіне дейін, Адольф Янушкевич көшесінің тақ жағынан, Молодогвардейская көшесіне дейін.

№ 14 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Құнанбай көшесі, 24, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 35 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Құнанбай көшесінен бастап, Автодорожная көшесінің тақ жағынан, Молодогвардейская көшесіне дейін, Молодогвардейская көшесінің тақ жағынан, Рыков көшесіне дейін, Рыков көшесінің жұп жағынан, Құнанбай көшесіне дейін, Құнанбай көшесінің жұп жағынан, Құнанбай көшесіндегі 34, 36, 38, 40, 42, 44, 46-үйлерге дейінді қоспағанда, Автодорожная көшесіне дейін, Титов көшесіндегі 116, 118, 120, 122, 124, 126, 128-үйлерге дейін, Құнанбай көшесіндегі 31, 33-үйлерге дейін, Сорокин көшесіндегі 50-үйді қосқанда.

№ 15 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Құнанбай көшесі, 24, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 35 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Сорокин көшесінен бастап, Титов көшесінің тақ жағынан, одан әрі Кешірім Бозтаев көшесінен, Кустанайская көшесіндегі 79-үйге дейін, Кустанайская көшесіндегі 79-үйді қоспағанда, Тарбағатай көшесіне дейін, Тарбағатай көшесіндегі 61-үйді қосқанда, Уральский жол үсті көшесіне дейін, Уральский жол үсті көшесінің жұп жағынан, Сорокин көшесіне дейін, Сорокин көшесіндегі 36, 38, 40, 42, 44, 46-үйлерге дейінді қосқанда, Титов көшесіне дейін.

№ 16 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Ахмет Байтұрсынов көшесі, 67, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 20 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Тарбағатай көшесінен бастап, Жібек жолы көшесіндегі 26-дан 54-ке дейін жұп санды үйлер, Внутриквартальная көшесіне дейін, Внутриквартальная көшесіндегі 2-ден 6-ға дейін жұп санды үйлер, Ахмет Байтұрсынов түйік көшесіне дейін, Құнанбай көшесіндегі 12, 14-үйлерге дейінді қоспағанда, Ахмет Байтұрсынов түйік көшесінің жұп жағынан, Сорокин көшесіне дейін, Сорокин көшесінің жұп жағынан, Мұхтар Әуезов даңғылына дейін, Мұхтар Әуезов даңғылының тақ жағынан, Мұхтар Әуезов даңғылындағы 41, 43, 47, 49-үйлерге дейінді қоспағанда, Тарбағатай көшесіне дейін, Тарбағатай көшесінің тақ жағынан, Жібек жолы көшесіне дейін, Ахмет Байтұрсынов көшесіндегі 46 және Лұқпан Өтепбаев көшесіндегі 50, 50 б, 50 в тұрғын үйлерді қоспағанда.

№ 17 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Ахмет Байтұрсынов көшесі, 67 А, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Балалар өнер мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Ертіс өзенінің жағасынан бастап, Тарбағатай көшесінің тақ жағынан, Жібек жолы көшесіне дейін, Жібек жолы көшесіндегі 33-ден 69-үйлерге дейін, Внутриквартальная көшесіне дейін, Внутриквартальная көшесіндегі 1-ден 9- тақ санды үйлер, Ахмет Байтұрсынов түйік көшесіне дейін, Құнанбай көшесіндегі 12, 14-үйлерге дейінді қосқанда, Ахмет Байтұрсынов түйік көшесінің тақ жағынан, Сорокин көшесіне дейін, Сорокин көшесінің тақ жағынан, Мұхтар Әуезов даңғылына дейін, Мұхтар Әуезов даңғылындағы 41, 43, 47, 49-үйлерге дейінді қосқанда, теміржол өткеліне дейін, теміржол желісінің бойымен Ертіс өзенінің жағасына дейін, Ертіс өзенінің жағасы бойымен Тарбағатай көшесіне дейін.

№ 18 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Құнанбай көшесі, 12 Б, «Балалар мен жастардың шығармашылық сарайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының № 2 корпусының ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Безымянная көшесінен бастап, Берел көшесінен, Берел көшесіндегі 49, 59-үйлерге дейінді қоспағанда, Мұхтар Әуезов даңғылына дейін, Мұхтар Әуезов даңғылының жұп жағынан, Құнанбай көшесіне дейін, Құнанбай көшесіндегі 12, 16, 18, 20, 22 - жұп санды үйлер, Безымянная көшесіне дейін, Безымянная көшесінің тақ жағынан, 21, 23, 27-үйлерге дейін, Берел көшесіне дейін, 410 кварталдың барлық үйлерін, Лермонтов көшесінің 54, 60, 60-1, 62, 64-үйлерге дейінін қосқанда.

№ 19 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Тарбағатай көшесі, 18, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 50 жалпы орта білім беретін ІТ - мектеп - лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Ертіс өзенінің жағасынан бастап, Театральная көшесіндегі 5 - 25 тақ санды үйлер, 15-ықшам ауданның 18-тұрғын үйін қоса алғанда, Мұхтар Әуезов даңғылына дейін, Мұхтар Әуезов даңғылымен, 15-ықшам ауданының 15, 27 а тұрғын үйлерін қоса алғанда, Ахмет Байтұрсынов көшесіне дейін, Ахмет Байтұрсынов көшесінен, Тарбағатай көшесіне дейін, Лұқпан Өтепбаев көшесіндегі 44, 50, 56 б, 50 в тұрғын үйлерін қосқанда, Тарбағатай көшесіндегі 4 - 20 жұп санды үйлер, Ертіс өзенінің жағасына дейін.

№ 20 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Ахмет Байтұрсынов көшесі, 38, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Шәкәрім атындағы көпбейінді № 5 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Алматы - Семей теміржол желісінен бастап, Берел көшесінің екі жағы, Кешірім Бозтаев көшесіндегі 75 және Кустанайская көшесіндегі 77, 79-үйлерге дейінді, Берел көшесіндегі 49, 59-үйлерге дейінді қосқанда, Мұхтар Әуезов даңғылына дейін, Мұхтар Әуезов даңғылынан бастап, Лермонтов көшесімен Ахмет Байтұрсынов көшесіне дейін, Ахмет Байтұрсынов көшесіндегі 46-тұрғын үйді қосқанда, Ахмет Байтұрсынов көшесіндегі 29, 31- тақ санды үйлер, Баздырев көшесіне дейін, Баздырев көшесімен Жанасемей көшесіне дейін, Жанасемей көшесіндегі 42, 44- жұп санды үйлер, 31 б тақ санды тұрғын үйді қосқанда, Театральная көшесіне дейін, Театральная көшесіндегі 37, 41- тақ санды үйлер, Безымянная көшесіне дейін, Безымянная көшесінің тақ жағынан теміржол желісіне дейін, теміржол желісінің бойымен Лермонтов көшесіне дейін, Кешірім Бозтаев көшесіндегі 61 а тұрғын үйді, Мұхтар Әуезов даңғылы, 42, Лермонтов көшесі, 54 бойынша екі тұрғын үйді және Безымянная көшесіндегі 2 және 4-тұрғын үйлерді қоспағанда.

№ 21 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Ахмет Байтұрсынов көшесі, 38, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Шәкәрім атындағы көпбейінді № 5 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Ертіс өзенінің жағасынан бастап, Иртышская көшесіндегі 3-13 тақ санды үйлер, Кешірім Бозтаев көшесіндегі 17-тұрғын үйді қоспағанда, Победа көшесіне дейін, Победа көшесінен бастап Жанасемей көшесіне дейін, Жанасемей көшесінің тақ жағынан, 31 б үйді қоспағанда, Театральная көшесіне дейін, Театральная көшесіндегі 2, 2 а, 4, 6- жұп санды үйлер, Ахмет Байтұрсынов көшесіндегі 38-тұрғын үйді қосқанда, Ертіс өзенінің жағасына дейін, 15-ықшам ауданның 18-тұрғын үйді қоспағанда, Ертіс өзенінің жағасы бойымен Иртышская көшесіне дейін.

№ 22 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Мұхтар Әуезов даңғылы, 17, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 27 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Кешірім Бозтаев көшесіндегі 59, 61 а тұрғын үйлер, Островский көшесіндегі 5 а, 5 б, 8, 10, 12-тұрғын үйлер, Узбекская көшесіндегі 6, 8, 10, 11, 13, 15, 17, 19, 21, 40 а, 40 б тұрғын үйлер, Кешірім Бозтаев көшесіндегі 40 в, 40 г, 40 д, 40 е, 40 ж үйлер, Безымянная көшесіндегі 2, 4-тұрғын үйлерге дейін Жанасемей көшесіндегі 31 е үйді қосқанда.

№ 23 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Лұқпан Өтепбаев көшесі, 37 А, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 30 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Мұхтар Әуезов даңғылынан бастап, Дулат Бабаатайұлы көшесіндегі 37 а - 39 тақ санды үйлер, Ахмет Байтұрсынов көшесіне дейін, Ахмет Байтұрсынов көшесімен, Ахмет Байтұрсынов көшесіндегі 1 а және Дулат Бабаатайұлы көшесіндегі 41-үй

Жалғасы. Басы 5-бетте.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Спартак көшесінен бастап, Тұрар Рысқұлов көшесімен Глинки көшесіне дейін, Глинки көшесінен бастап, Тихий тұйық көшесіндегі 1-8 үйлер, Би Боранбай көшесіне дейін, Би Боранбай көшесінің тақ жағынан, Тұрар Рысқұлов көшесіне дейін, Тұрар Рысқұлов көшесінің жұп жағынан, Тұрар Рысқұлов көшесіндегі 15-үйді қосқанда, Физкультурная көшесіне дейін, Физкультурная көшесінің тақ жағынан, Физкультурная көшесіндегі 16, 17, 19-үйлерге дейінді қосқанда, Спартак көшесіне дейін, Спартак көшесіндегі 14-36 үйлер, Тұрар Рысқұлов көшесіне дейін.

№ 36 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Синицын көшесі, 6, «Дулат Бабатайұлы атындағы Семей жоғары колледжі» мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Би Боранбай көшесінен бастап, Спартак көшесінің жұп жағынан, Физкультурная көшесіне дейін, Физкультурная көшесінің жұп жағынан, Физкультурная көшесіндегі 16-үйді қоспағанда, Тұрар Рысқұлов көшесіне дейін, Тұрар Рысқұлов көшесінің тақ жағынан, Тұрар Рысқұлов көшесіндегі 15-үйді қоспағанда, Би Боранбай көшесіне дейін, Би Боранбай көшесінің тақ жағынан, Спартак көшесіне дейін.

№ 37 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

Орналасқан жері: Абай облысы, Семей қаласы, Спартак көшесі, 1, Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 11 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Абай облысы, Семей қаласы, Береговая көшесінен бастап, Щорс көшесінің тақ жағынан, Ертіс өзенінің жағасына дейін, Ертіс өзенінің жағасымен 1 Щорс тұйық көшесіне дейін, 1 Щорс тұйық көшесі бойымен Щорс көшесіне дейін, Щорс көшесінің тақ жағынан, Строительная көшесіне дейін, Строительная көшесінің тақ жағынан, Береговая көшесіне дейін, Щорс көшесінің жұп жағынан, Ертіс өзенінің жағасына дейін, Береговая көшесінің жұп жағынан, Щорс көшесіне дейін.

№ 38 САЙЛАУ УЧАСКЕСІ

